Ересектерде бронх демікпесін бағалау үшін бронх демікпесі бақылау тестін (Asthma Control Test – att) және бронх демікпесі симптомдарын бақылау сауалнамасын (Asthma Control Questionnaire-ACQ-5) қолдану ұсынылады [4-6].

Бронх демікпесіне күдікті барлық науқастарда тыныс алу жолдарының бітелуінің ауырлығын анықтау және бағалау үшін бастапқы зерттеу ретінде спирометрияны қолдану ұсынылады [3, 7-9].

**Материалдар мен әдістер.** Бронх демікпесін диагностикалау мақсатында стандартты спирометрия және қосымша аспаптық зерттеу әдістерін қарастырдық.

**Зерттеу нәтижелері.** Спирометрия әдісімен терең тыныс алып дем шығарған кезіндегі өкпедегі ауаның көлемін (өкпенің форсирленген өмірлік көлемі – форсированная жизненная емкость легких ФЖЕЛ), 1 секунд ішінде форсирленген тыныс шығару кезіндегі шығарылған ауаның көлемін (объем форсированного выдоха за 1 секунду-ОФВ1) анықтауға көмектеседі. Осы екі өлшемнің қатынасын анықтау (ОФВ1/ФЖЕЛ) маңызды болып саналады немесе көп жағдайда 1 секунд ішінде форсирленген тыныс шығару кезіндегі шығарылған ауаның көлемінің (ОФВ1) өкпенің өмірлік көлеміне (жизненная емкость легких-ЖЕЛ) қатынасын анықтау арқылы да бронх обструкциясының дәрежесін көрсетуге болады.

Бронх демікпесімен ауыратын барлық науқастарда обструкцияның қайтымдылық дәрежесін анықтау үшін бронхты кеңейтетін дәрілер қолдана отырып бронходилатациялық тест жүргізу ұсынылады (тыныс алу жолдарының құрылымдық аурулары туралы емдеуге арналған препараттар) [10, 11].

Бронх демікпесінің клиникалық белгілері бар науқастарда спирометрия немесе қосымша диагностикалық сынақтар жүргізуге мүмкіндік болмаған жағдайда кем дегенде 2 апта бойы орындалған тыныс шығарудың жоғары жылдамдығын бағалау үшін тыныс шығару көлемі мен ағынын анықтауға пикфлоуметрді пайдалану ұсынылады. Пикфлоуметрия көмегімен ауа ағынының өзгермелі жылдамдығын растауға болады [8, 12, 13].

Өкпе плетизмографиясы (жалпы плетизмография) — қарқынды қолданылатын өкпенің функционалдық белсенділігін өлшеу әдісі. Оның көмегімен альвеолярлық қысымды, өкпедегі ауаның қалдық және жалпы көлемін анықтауға болады.

Соңғы жылдары тыныс шығару функциясын зерттеудің жаңа әдісі импульстік осциллометрия қолданыла бастады, бұл қарапайым және жылдам әдіс, өздігінен тыныс алу кезінде тыныс алу жолдарының өткізгіштігін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл әдісті қолданған кезде «нұсқаулықпен дем алудың» қажеті жоқ.

Импульстік осциллометрия (ИОМ) – тыныс алуды зерттейтін диагностиканың инновациялық әдісі. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы (ӨСОА), бронх демікпесі кезінде тыныс алудың түрін бағалайтын альтернативті тәсілдің бірі болып табылады, себебі өкпе тінінің инерциялық және эластикалық қасиетінің өзгерісін (өкпе фиброзы, гиперинфляция) анықтап, ӨСОА, бронх демікпесінің ерте диагностикалауға көмектеседі [14].

**Қорытынды.** Қорыта келгенде, бронх демікпесін ерте анықтауға стандартты спирографиядан бөлек импульстік осциллометрия, плетизмография өте тиімді әрі аурудың зақымдану дәрежесін анықтауға ықпал тигізеді. Бұл әдістер қарқынды түрде қолданысқа ие болса, бронх демікпесінің басталу сатысында анықтауға, ерте емдік шаралар қолдануға, сондай-ақ асқынулардың алдын алуға, өмір сүру жылы мен сапасын арттыруға септігін тигізеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Global Initiative for Asthma. Global Strategy for Asthma Management and Prevention. Updated 2018. Available at: <https://ginasthma.org/wp-content/uploads/2018/04/wms-GINA-2018-report-V1.3-002.pdf>
2. Global burden of 369 diseases and injuries in 204 countries and territories, 1990–2019: a systematic analysis for the Global Burden of Disease Study 2019. Lancet. 2020;396(10258):1204-22
3. Global Initiative for Asthma. Global Strategy for Asthma Management and Prevention. Updated 2018. Available at: <https://ginasthma.org/wp-content/uploads/2018/04/wms-GINA-2018-report-V1.3-002.pdf>

4. O'Byrne P.M., Reddel H.K., Eriksson G. et al. Measuring asthma control: a comparison of three classification systems. *Eur. Respir. J.* 2010; 36 (2): 269–276. DOI: 10.1183/09031936.00124009.
5. Thomas M., Kay S., Pike J. et al. The Asthma Control Test (ACT) as a predictor of GINA guideline-defined asthma control: analysis of a multinational cross-sectional survey. *Prim. Care Respir. J.* 2009; 18 (1): 41–49. DOI: 10.4104/pcrj.2009.00010.
6. Juniper E.F., Svensson K., Mörk A.C., Ståhl E. Measurement properties and interpretation of three shortened versions of the asthma control questionnaire. *Respir. Med.* 2005; 99 (5): 553–558. DOI: 10.1016/j.rmed.2004.10.008.
7. Miller M.R., Hankinson J., Brusasco V. et al. Standardisation of spirometry. *Eur. Respir. J.* 2005; 26 (2): 319–338. DOI: 10.1183/09031936.05.00034805.
8. Levy M.L., Quanjer P.H., Booker R. et al. Diagnostic spirometry in primary care: Proposed standards for general practice compliant with American Thoracic Society and European Respiratory Society recommendations. *Prim. Care Respir. J.* 2009; 18 (3): 130–147. DOI: 10.4104/pcrj.2009.00054.
9. Российское респираторное общество. Методические рекомендации по использованию метода спирометрии. М.; 2016. Доступно на: <http://www.spulmo.ru> / Russian Respiratory Society. [Guidelines for the use of spirometry methods]. Moscow; 2016. Available at: <http://www.spulmo.ru> (in Russian)
10. Pellegrino R., Viegi G., Brusasco V. et al. Interpretative strategies for lung function tests. *Eur. Respir. J.* 2005; 26 (5): 948–968. DOI: 10.1183/09031936.05.00035205.
11. Tan W.C., Vollmer W.M., Lamprecht B. et al. Worldwide patterns of bronchodilator responsiveness: results from the Burden of Obstructive Lung Disease study. *Thorax.* 2012; 67 (8): 718–726. DOI: 10.1136/thoraxjnl-2011-201445.
12. Reddel H.K., Taylor D.R., Bateman E.D. et al. An official American Thoracic Society/European Respiratory Society statement: Asthma control and exacerbations: standardizing endpoints for clinical asthma trials and clinical practice. *Am. J. Respir. Crit. Care Med.* 2009; 180 (1): 59–99. DOI: 10.1164/rccm.200801-060ST.
13. Beydon N., Davis S.D., Lombardi E. et al. An official American Thoracic Society/European Respiratory Society statement: pulmonary function testing in preschool children. *Am. J. Respir. Crit. Care Med.* 2007; 175 (12): 1304–1345. DOI: 10.1164/rccm.200605-642ST.
14. Савушкина О.И., Черняк А.В., Крюков Е.В., Зайце А.А., Неклюдова Г.В., Пашкова Т.Л., Импульсная осциллометрия в диагностике нарушения механики дыхания при хронической

обструктивной болезни легких. Пульмонология. 2020; 30 (3): 285-294. DOI: 10.18093/0869-0189-2020-30-3-285-294.

УДК 616.36-002

**Құрбан А.М., Бокаева С.С., Мирхадиева З.О.**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» Шымкент, Казахстан\

### **КЛИНИКО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЦИТОМЕГАЛОВИРУСНОГО ГЕПАТИТА У ДЕТЕЙ**

#### **Аннотация**

*В этой статье предоставлены важные проблемы цитомегаловирусного гепатита у детей на сегодняшний день.*

**Ключевые слова:** цитомегаловирусная инфекция, клинико-эпидемиологические аспекты, CMV-гепатит у детей.

**Құрбан А.М., Бокаева С.С., Мирхадиева З.О.**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент, Қазақстан

### **БАЛАЛАРДАҒЫ ЦИТОМЕГАЛОВИРОС ГЕПАТИТІНІҢ КЛИНИКАЛЫҚ- ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Аннотация.** Бұл мақалада бүгінгі күнге дейін балаларда цитомегаловирус гепатитінің маңызды маселелері ұсынылған.

**Кілт сөздер:** цитомегаловирус инфекциясы, клиникалық-эпидемиологиялық аспектілер, балалардағы CMV- гепатиті.

**Kurban A.M., Bokaeva S.S., Mirhadieva Z.O.**

JSC «South Kazakhstan Medical Academy», Shymkent, Kazakhstan

### **CLINICAL AND EPIDEMIOLOGIC ASPECTS OF CYTOMEGALOVIRUS HEPATITIS IN CHILDREN.**

#### **Annotation**

*This article provides important problems of cytomegalovirus hepatitis in children today.*

**Keywords:** *cytomegalovirus infection, clinical and epidemiologic aspects, CMV hepatitis in children.*

**Актуальность.** Цитомегаловирусная инфекция продолжает быть одной из актуальных проблем современной медицины, что обусловлено ее всемирной распространенностью как среди взрослой возрастной группы, так и среди детей и новорожденных [1], долгой персистенцией вируса с развитием тяжелых генерализованных и локализованных форм течения [2] с последующей инвалидизацией и возможным смертельным исходом.

Цитомегаловирусная инфекция обладает тропностью ко всем эпителиальным клеткам, особенно к эпителию желез, включая гепатобилиарную систему и в частности печень. Ряд авторов предлагают считать цитомегаловирус непосредственно гепатотропным инфекционным агентом. При этом поражение печени может быть, как при врожденной, так и при приобретенной цитомегаловирусной инфекции [3-5].

Проблема цитомегаловирус ассоциированного гепатита (CMV – гепатит) остается нерешённой. По сей день до конца не изучены патогенез, клинические особенности течения в разных возрастных группах, частота и сроки формирования цирроза печени.

Суммируя имеющиеся данные о CMV, как об этиологическом факторе развития гепатита, необходимо подчеркнуть малоизученность данной проблемы. Вследствие чего, интерес представляет клинический случай, наглядно показывающий один из вариантов течения CMV-гепатита у детей.

Больной Б., 3 года (12.12.2017 г/р), от 2 беременности, протекавшей без особенностей. Роды в сроке 39 недель, роды самостоятельные. Вес при рождении 3590гр, рост при рождении 55см. Ребенок рос и развивался соответственно возрасту. Наследственный анамнез не отягощен. На «Д» учете не состоял. Эпидемиологический анамнез – болел ОРВИ, контакт с больными ВИЧ, гепатитами отрицает. Контакт с КВИ отрицает. Стоматологическую помощь не получал. Травм с повреждением кожных покровов не было. Оперативных и инвазивных вмешательств не было. Гемотрасфузии не проводились. Аллергологический анамнез не отягощен.

Ребенок болеет с 20 декабря 2020 года. Заболевание началось с желтушности склер, кожных покровов, вздутия живота, слабости, вялости. Желтушность кожи и склер наблюдалось в течении месяца. В связи с ухудшением состояния обратились в городскую детскую клиническую больницу, после осмотра педиатром направлены в городскую инфекционную больницу, где с получал лечение с 29.12.2020 по 03.02.2021 с диагнозом: Цитомегаловирусный гепатит. Инфекционный мононуклеоз.



За время госпитализации в ГИБ прошли обследование: КТ ОБП от 30.12.2020 – картина гепатоспленомегалии. ИФА от 04.01.2021 гепатит А, В, С, D – отрицательно. ИФА от 04.01.2021 хламидии – отрицательно, уреоплазма – отрицательно, ВПГ – отрицательно, ЦМВ IgG и IgM – положительно. ПЦР крови от 14.01.2021 ДНК ЦМВ – положительно. ИФА от 19.01.2021 ВЭБ IgG и IgM – положительно. В лечении получал нецитотект №7.

С 11.03.2021 по 26.03.2021 получал стационарное лечение с диагнозом: Цитомегаловирусный гепатит. Цирроз печени. В лечении получал ганцикловир 85мг 2 раза в день в/в №14.

С 07.04.2021 по 16.04.2021 получал стационарное лечение в Национальном научном центре хирургии им. Сызганова с диагнозом: Аутоиммунный гепатит с умеренной активностью патологического процесса (ИГА 11 баллов). Индекс фиброза 3 балла. Соотношение к METAVIR F2. Синдром портальной гипертензии. Вторичная панцитопения. Цитомегаловирусная инфекция, манифестная форма. В лечении получал ганцикловир 50мг 2 раза в день №21, нецитотект 20мл в/в №4. Проведено обследование: определение АФП от 08.04.2021 – 3,83 Ед/мл, цитологическое исследование биоптата печени от 09.04.2021 – морфологическая картина соответствует аутоиммунному гепатиту с умеренной активностью патологического процесса (ИГА 11 баллов), с пролиферацией желчных протоков, умеренным их повреждением. Индекс фиброза 3 балла. Соотношение к METAVIR F2. Согласно заключению комиссии ребенку необходима пересадка печени.

Ребенок поступает в Национальный центр педиатрии и детской хирургии для дообследования и лечения на время подбора донора (с 27.04.2021 по 18.05.2021). Жалобы при поступлении на желтушность кожных покровов и склер, вялость, слабость, дискомфорт и тяжесть в правом и левом подреберьях. Объективные данные: состояние при поступлении тяжелое, за счет метаболический нарушений, гипербилирубинемии, интоксикационного синдрома, явлений гиперспленизма. Ребенок вялый, на осмотр реагирует адекватно. Кожные покровы и видимые слизистые желтушные, сыпи нет. Тургор тканей сохранен. Периферические лимфатические узлы не увеличены. В зеве спокойно. В легких жесткое дыхание, хрипов нет. ЧД – 24 в минуту. Тоны сердца приглушены, ритм правильный. ЧСС – 120 ударов в минуту, АД – 90/50 мм.рт.ст. Живот увеличен в размере за счет гепатоспленомегалии, мягкий, не напряжен, безболезненный при пальпации. Печень +5 см из под края реберной дуги, край плотный, острый. Селезенка +10 см из под края реберной дуги, плотная. Стул регулярный, до 2-3 раз в сутки, кашицеобразный, цвет коричневый, без патологических примесей. Поясничная область

без изменений, симптом поколачивания отрицательный с обеих сторон. Мочеиспускание не нарушено.

Результаты лабораторных анализов при поступлении в стационар:

ОАК – лейкоциты –  $10,1 \cdot 10^9/\text{л}$ , эритроциты –  $3,54 \cdot 10^{12}/\text{л}$ , гемоглобин – 84 г/л, тромбоциты –  $185 \cdot 10^9/\text{л}$ , гематокрит 28,5%, нейтрофилы – 55,6%, лимфоциты – 32,7%, моноциты – 11,7%, СОЭ – 54 мм/ч.

БХА: АЛТ – 371 ЕД/л, АСТ – 552 ЕД/л, билирубин общий – 128,5 мкмоль/л, билирубин прямой – 104,7 мкмоль/л, общий белок – 79 г/л, глюкоза – 4,74 ммоль/л, альбумин – 34 г/л, ЩФ – 634 ЕД/л, холестерин – 5,39 ммоль/л, медь – 20 мкмоль/л, креатинин – 39,6 мкмоль/л, железо – 10 мкмоль/л, мочевины – 2,1 ммоль/л, амилаза 79 ЕД/л, мочевины – 221,96 мкмоль/л.

Коагулограмма: АЧТВ – 124,1 сек., ПВ – 14,7 сек, ПТИ – 63,2%, МНО – 1,27, фибриноген А – 3,39 г/л, ТВ – 17,5 сек.

ПЦР крови на ВПГ, ВЭБ, ЦМВ – отрицательно

ПЦР мочи на ВПГ – отрицательно, ВЭБ, ЦМВ – положительно.

ИФА на ANA – отрицательно, AMA – отрицательно, ANCA – положительно

РНГА на зоонозные инфекции (листериоз, иерсиниоз, бруцеллез) – отрицательно

Бак. Посев крови, кала, мочи, слюны на зоонозные инфекции – отрицательно.

УЗИ ОБП: Гепатоспленомегалия. Диффузно – очаговые изменения в паренхиме печени. Признаки портальной гипертензии. Расширение внутривенных желчных протоков. Выраженные застойные явления в желчном пузыре. Гипотония желчного пузыря. Признаки дискинезии желчевыводящих протоков.

ФЭГДС: Варикозное расширение вен нижней трети пищевода 1-2 степени.

Проведено лечение: Урсодекс 125мг 2 раза в день 22 дня, Амри-К 0,5мл в/м 1 раз в день 7 дней, Преднизолон 5мг 3 раза в день 20 дней, раствор глюкозы 5% 100мл в/в 1 раз в день 8 дней, раствор Рингера 100мл в/в 1 раз в день 8 дней, Ферровит-С 1мл 3 раза в день 17 дней, Альдарон 12,5мг 1 раз в день 9 дней, Энтеросгель 1 чайная ложка 2 раза в день 13 дней.

Результаты лабораторных исследований при выписке:

ОАК: лейкоциты –  $9,19 \cdot 10^9/\text{л}$ , эритроциты –  $4,0 \cdot 10^{12}/\text{л}$ , гемоглобин – 99г/л, тромбоциты –  $114 \cdot 10^9/\text{л}$ , гематокрит – 32,7%, нейтрофилы – 42,2%, лимфоциты 43,3%, моноциты – 12,9%, СОЭ – 16 мм/ч.

БХА: АЛТ – 83 ЕД/л, АСТ – 38 ЕД/л, билирубин общий 28,7 мкмоль/л, билирубин прямой – 21,2 мкмоль/л, общий белок – 71 г/л, глюкоза 4,14 ммоль/л, ЩФ – 185 ЕД/л, альбумин – 39

г/л, креатинин – 36,7 мкмоль/л, мочевины – 6,4 ммоль/л, ферритин – 17,2 нг/мл, железо – 6 мкмоль/л, трансферрин – 3,82 г/л.

Коагулограмма: АЧТВ – 38,7 сек., ПВ – 10,8 сек., ПТИ – 108%, МНО – 0,96, фибриноген А – 1,50 г/л, ТВ – 17,7 сек.

Состояние при выписке. Состояние ребенка с улучшением, самочувствие не страдает. Ребенок активный, на осмотр реагирует адекватно. Кожные покровы и видимые слизистые чистые, сыпи нет. Тургор тканей сохранен. Периферические лимфатические узлы не увеличены. В зеве спокойно. В легких жесткое дыхание, хрипов нет. Тоны сердца приглушены, ритм правильный. Живот увеличен в объеме за счет гепатоспленомегалии, мягкий, не напряжен, безболезненный при пальпации. Печень +5см из под края реберной дуги., край плотный, острый, селезенка +10см из под края реберной дуги, плотная. Стул регулярный, до 2-3 раз в сутки, оформленный, коричневый, без патологических примесей. Поясничная область не изменена, симптом поколачивания отрицательный с обеих сторон. Мочеиспускание не нарушено.

Таким образом, особенностью данного клинического случая является развитие у ребенка CMV-гепатита, протекающего в среднетяжелой форме и перешедшего в аутоиммунный гепатит с развитием цирроза печени с умеренной активностью патологического процесса. Также течение гепатита усложнило наличие вируса Эпштейна – Барра, что усилило воспалительный процесс в паренхиме печени и также повлияло на переход воспалительного процесса в аутоиммунный. На фоне проводимой терапии в динамике наблюдается улучшение, как в лабораторных показателях, так и в общей состоянии ребенка, но вследствие имеющегося цирроза печени выздоровление не было достигнуто, ребенку требуется пересадка печени с последующей реабилитацией.

**Заключение.** Подводя итог, можно отметить, что CMV-гепатит остается не до конца изученной, но при этом актуальной проблемой современной медицины, имеющий различные формы течения от манифестной до первично-хронической. Представленный клинический случай наглядно показывает, как за короткий срок манифестная форма CMV-гепатита может перейти в цирроз печени с аутоиммунным компонентом.

#### **Список литературы:**

1. Нисевич Н. И. Вирусный гепатит / В кн.: Руководство по инфекционным болезням у детей (под ред. С. Д. Носова). — М., 1980. — С. 521—551.

2. Учайкин В. Ф. Руководство по инфекционным болезням у детей. — М.: ГЭОТАР Медицина, 1998. — 809 с.
3. Varani S. Cytomegalovirus as a hepatotropic virus / S. Varani, M. P. Landini // Clin. Lab. — 2002. — V. 48. — P. 39—44.
4. Fibrosing cholestatic hepatitis-like syndrome in hepatitis B virus-negative and hepatitis C virus-negative renal transplant recipients / E. Munoz de-Bustillo et al. // Am. J. Kidney. Dis. — 2001. — V. 38. — P. 640—645.
5. Paya C. V. Cytomegalovirus hepatitis in liver transplantations / C. V. Paya, P. E. Hermans, R. H. Wiesner // J. Infect. Dis. — 1989. — V. 160. — P. 752.

УДК 616.233-002

**Құтыш А.Н., Орынбасар А.С., Анас Г.О.**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ Шымкент қ., Қазақстан

### **АТОПИЯЛЫҚ ДЕРМАТИТПЕН ҚОСАРЛАНА ЖҮРЕТІН БРОНХИТТІҢ КЛИНИКО-ЛАБОРАТОРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

#### **Аннотация**

*Бұл мақалада атопиялық дерматиті бар ерте жастағы балаларда бронхиттың клинико-лабораторлық ерекшеліктері сипатталған.*

**Кілт сөздер:** балалар, бронхит, атопиялық дерматит, инфекция.

**Құтыш А.Н., Орынбасар А.С., Анас Г.О.**

АО «Южно Казахстанская медицинская академия», г. Шымкент, Казахстан

### **КЛИНИКО-ЛАБОРАТОРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ БРОНХИТОВ В СОЧЕТАНИИ С АТОПИЧЕСКИМ ДЕРМАТИТОМ**

#### **Аннотация**

*В статье описаны клинико-лабораторные особенности течения бронхита в сочетании с атопическим дерматитом у детей раннего возраста.*

**Ключевые слова:** дети, бронхит, атопический дерматит, инфекция.

**Atashova K.K., Kutysh A.N., Orynbasar A.S., Anas G.O.**

JSC «South Kazakhstan Medical Academy», Shymkent, Kazakhstan

## CLINICAL AND LABORATORY FEATURES OF BRONCHITIS IN COMBINATION WITH ATOPIC

### *Annatation*

*The article describes the clinical and laboratory features of the course of bronchitis in combination with atopic dermatitis in young children.*

**Key words:** *children, bronchitis, atopic dermatitis, infection.*

**Өзектілігі.** Жедел бронхит 5 жасқа дейінгі балаларда жиі кездесетін инфекциялардың бірі [1,2]. Оның клиникалық көрінісі мен асқынулары туралы көптеген зерттеулер нәтижесі әдеби шолу мен бірнеше елдердегі клиникалық тәжірибелік нұсқауларға енгізілген [3]. Вирустық қоздырғыштар, әсіресе респираторлық синцитиальды вирус және риновирустар ауыр эпизодтардың дамуының жетекші агенттері болып саналады, бірақ басқа патогенді қоздырғыштар да маңызды рөл атқарады [4]. Соңғы жылдары аллергия патологияның тұрақты өсуі де аурудың дамуын күшейтіп отыр. Жер бетінде 40% жуық адам аллергиялық аурулармен ауырады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Қазақстан Республикасында балалар арасында тыныс алу жолдарының аурулары барлық аурулар арасында бірінші орында (0-14 жас аралығындағы балалар арасында 39,4% және 15-17 жаста 30,8%).

**Материалдар мен әдістер.** Балалардағы бронхиттің 35 жағдайы емханада ем қабылдаған науқастарды тексеру және бақылау арқылы зерттелді. Атопиялық дерматитпен ауыратын балалардағы бронх-өкпе патологиясымен сырқаттанушылықты талдау үшін 2022 жылы Шымкент қаласының 8-ші қалалық емханасының мұрағат материалдарына, ауру тарихына ретроспективті талдау жасалды. Зерттеу кезінде соматикалық аурулардың болуы туралы деректер, клиникалық, зертханалық және аспаптық зерттеулердің деректері ескерілді.

**Зерттеу нәтижелері.** Зерттеуге бронхитпен ауыратын 35 науқас қатысты. Барлық тексерілген балалар екі топқа бөлінді: I топ атопиялық дерматитпен қосарланған бронхитпен ауыратын науқастар (негізгі топ) және II топқа (бақылау тобына) аллергиялық анамнезі жоқ жедел бронхитпен ауыратын 23 бала кірді. Топтардағы балалардың орташа жасы 0-ден 5 жасқа дейін. Тексеру барысында 1 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың 24%-ы жедел бронхитпен ауыратыны анықталды, бұл 2 айға дейінгі және 2 айдан 11 айға дейінгі балаларға қарағанда 3,1 есе жоғары. Бронхитпен ауыратындар арасында қыздар 56,3%, ұлдар 43,7% құрайды. Дене салмағы бойынша 2 айға дейінгі балалардың 71%, 2 айдан 11 айға дейін - 74% дене салмағы жасына сай екендігі анықталды. Балаларда дене салмағының төмендігі 2 айға дейінгі балалардың - 28,5%, 2 айдан 11 айға дейінгі балалардың - 12,9% және 1 жастан 5 жасқа дейінгі -

20% анықталды. Артық салмақ 2 айдан 11 айға дейінгі және 1 жастан 5 жасқа дейінгі балалар арасында, сәйкесінше 12,9% және 29,2% құрады. Семіздік 1 жастан 5 жасқа дейінгі ауру балалар тобында – 7,7% жағдайда байқалды. 32 балада (91,4%) бронхит ЖРВИ фонында дамығаны анықталды. 3 науқаста (8,6%) ауру жоғарғы тыныс жолдарының катаральды ауруымен қатар жүрмеген. Балалар аурудың алғашқы белгілері басталған сәттен бастап дәрігер қабылдауында болған. Клиникалық және анамнестикалық көрсеткіштерін зерттей отырып, атопиялық дерматиттің даму ерекшеліктерін және байланысын анықтауға болады. Бронхиттің клиникалық ерекшеліктерін талдау барысында бақылау тобындағы балаларда ылғалды жөтел айтарлықтай жиі байқалатыны анықталды – 81,2%, ал атопиялық дерматиті бар бронхитпен ауыратын балаларда негізінен құрғақ жөтел басымдық болған (18,7%). Температура индикаторына келетін болсақ, бақылау тобына қатысты айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады. Аурудың ұзақтығы бойынша атопиялық дерматитті бар бронхитпен ауыратын балаларда аурудың көрінісі бақылау тобына қарағанда 3-4 күнге ұзағырақ болған. Гемограмманы талдауда жалпы лейкоциттердің және оның таяқша, сегментті формаларының орташа мәндері қалыпты мәндерде болғаны анықталды. Лимфоциттердің 2,3%-ға дейін орташа өсуі ғана байқалды. С-реактивті белок атопиялық дерматиті бар бронхитпен ауыратын балалар арасында (9,6 мг/л) айқын басымдықпен байқалды. Жалпы IgE атопиялық дерматитті бар бронхитпен ауырған балалар тобында, бақылау тобымен салыстырғанда 2,3 есе жоғары болды.

**Қорытынды.** Аурудың нәтижелерін талдауымыз көрсеткендей, атопиялық дерматиті бар бронхитпен ауыратын науқастардың көпшілігі 12-13 күн ішінде жақсарып, ауру толық жазылумен аяқталды. Аурудың «асқынуы» және емделу үшін стационарға жатқызу қажеттілігі бар жағдайлар болған жоқ. Бронхиттің клиникалық белгілерін талдауда бақылау тобындағы балаларда ылғалды жөтел айтарлықтай жиі байқалатынын көрсетті, ал құрғақ жөтел атопиялық дерматиті бар бронхитпен ауыратын балаларда айтарлықтай басымдықпен анықталды. Температура индикаторына келетін болсақ, бақылау тобына қатысты айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады. Емделу ұзақтығы бойынша атопиялық дерматиті бар бронхитпен ауыратын балаларда ем қабылдау уақыты да ұзағырақ өтетіндігі анықталды. Клиникалық тәжірибе көрсеткендей, бронхит салыстырмалы түрде ұзақ ағыммен және патогенезінде обструктивті компоненттің басым болуымен және, атопиялық дерматиті бар балалар арасында еңтігудің болуымен бірге жүреді. Атопиялық дерматит фонында балалардағы бронхит ағымының клиникалық және функционалдық ерекшеліктерін зерттеу ілеспе аллергиялық патологияның жедел инфекциялық процестің ағымын ауырлататынын көрсетті, бұл клиникалық және зертханалық деректермен расталады.

**Қолданылған әдебиеттер.**

1. Ruffles TJC, Marchant JM, Masters IB, Yerkovich ST, Wurzel DF, Gibson PG, Busch G, Baines KJ, Simpson JL, Smith-Vaughan HC, Pizzutto SJ, Buntain HM, Hodge G, Hodge S, Upham JW, Chang AB. Outcomes of protracted bacterial bronchitis in children: A 5-year prospective cohort study. *Respirology*. 2021 Mar;26(3):241-248.
2. Заболевания органов дыхания у детей. Практическое руководство по детским болезням. Под редакцией Блохина Б.М. М: Медпрактика – М; 2019. с. 616.
3. Овсянников Д.Ю., Кузьменко Л.Г., Алексеева О.В. Вирусный и рецидивирующий круп у детей. *Медицинский совет*. 100-105.
4. Мизерницкий Ю.Л. Эффективность и безопасность сухого экстракта плюща в терапии бронхитов у детей (по результатам наблюдательного исследования ProSpigo) *Педиатрия*. 2019; 98(2): 18-27.

УДК 616-008

**Мирзакен Б.П., Омаркулова Л.Қ., Турарбаев Д.Т., Анарбаева Н.**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ Шымкент, Қазақстан

**БІР ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ НУТРИТИВТІ СТАТУСЫН БАҒАЛАУДЫҢ  
ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ**

***Аннотация***

*Бұл мақалада ерте жастағы балалардың тамақтануын бағалайтын заманауи әдістер сипатталған.*

***Кілт сөздер:*** ерте жастағы балалар, нутритивті статус, семіздік, тамақтанудың жеткіліксіздігі.

**Мирзакен Б.П., Омаркулова Л.Қ., Турарбаев Д.Т., Анарбаева Н.**

АО «Южно Казахстанская медицинская академия», г. Шымкент, Казахстан

**СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ОЦЕНКИ НУТРИТИВНОГО СТАТУСА  
ДЕТЕЙ ДО ГОДА**

***Аннотация***

*В статье описаны современные методы оценки питания детей раннего возраста.*

*Ключевые слова: дети раннего возраста, нутритивный статус, ожирение, недостаточность питания*

**Mirzaken B.P., Omarkulova L.K., Turarbaev D.T., Anarbaeva N.**

JSC «South Kazakhstan Medical Academy», Shymkent, Kazakhstan

**MODERN METHODS FOR ASSESSING NUTRITIONAL STATUS CHILDREN  
UNDER ONE YEAR OF ONE**

***Annotation***

*The article describes modern methods for assessing the nutrition of young children*

***Key words:*** *young children, nutritional status, obesity malnutrition*

**Кіріспе.** Бала өмірінің ерте жасынан бастап дұрыс тағайындалған тамақтану, физикалық, психикалық дамудың қалыпты болуымен, ұзақ мерзімді денсаулықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының

2015 жылы қабылданған ананы, нәрестені және жас баланы тамақтандыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары салмағы төмен туылған, бойы нашар өсетін балалардың санын азайтуға, дұрыс тамақтанбау мен семіздікке жол бермеуге бағытталған [1].

**Негізгі бөлім.** Бала өмірінің бірінші жылы қарқынды өсу мен дамумен сипатталады. Осылайша, туылғаннан 5-6 айға дейінгі кезеңде баланың салмағы екі есе артады, бір жасқа дейін бойы 25 см-ге, ал бас шеңбері 12,5 см-ге өседі. Дене салмағының (ДС) және ұзындығының ең үлкен өсуі туылғаннан кейінгі алғашқы 3 айда байқалады, өмірінің бірінші жылында біртіндеп төмендейді. Баланың жасына сай өсуі мен дамуы дұрыс тамақтанудың көрсеткіші болып табылады. Дені сау анадан туған, өмірінің алғашқы күндерінен бастап дұрыс тамақтанатын және дені сау ортада тәрбиеленетін балалардың өсуі мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасауды іске асыруға барлық мүмкіндіктер бар [3]. Осы «критикалық» кезеңде дұрыс емес (жеткіліксіз немесе шамадан тыс) тамақтану баланың болашақта және ересек жасында денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін, бұл когнитивті бұзылыстардың, семіздіктің және жүрек-қан тамырлары ауруларының даму қаупіне әкеледі [3, 4].

Осыған байланысты, өмірдің бірінші жылындағы балалардың тамақтану жағдайын (ТЖ) бағалау, тамақтану бұзылыстарын ерте анықтауға, оларды түзетуге және қабылданған шаралардың тиімділігін талдауға бағытталған маңызды құралға айналады. Тамақтану жағдайы – қоректік заттарды қабылдау мен пайдаланудың әсерін көрсететін баланың тамақтануы мен



денсаулығының күйі. Балалардағы ТЖ бағалау үшін баланың даму тарихынан алынған деректер, физикалық тексеру және антропометриялық өлшеулер, нақты тамақтану деректері, биохимиялық көрсеткіштер, сондай-ақ дене тіндерінің құрамын талдау қолданылады. Кез келген ауру болған кезде оның жүйке жүйесіне әсер ету дәрежесін ескеру қажет. Анамнезді жинау кезінде баланың гестациялық жасы және оның туған кездегі салмағы мен бойының параметрлері, олардың динамикасы, конституциялық сипаттамалары (ата-анасының антропометриялық көрсеткіштерін қоса алғанда), тамақтандыру сипаты, регургитация, құсу және диареяның болуы туралы мәліметтер қажет. және зәр шығару жиілігі [1,4].

Физикалық тексерудің негізгі мақсаты – қоректік заттардың жетіспеушілігін немесе артық салмақ белгілерін анықтау: теріні, шашты, тырнақты, сүйектерді, тістерді және ауыз қуысын мұқият тексеру; витаминдер мен минералдардың жетіспеушілігінің белгілерінің болуы. Клиникалық мәліметтерді бағалау кезінде тіндердің тургоры, терінің серпімділігі, ісінудің болуы, қан айналымы бұзылыстарының белгілері (аяқ-қолдар суық, пульс әлсіз және т.б.), дене температурасы (төмен немесе қызба) есепке алынады [2]. Антропометриялық әдістер баланың жүйке жүйесін бағалаудың негізі болып табылады. Өмірдің бірінші жылында ай сайын ұзындық пен дене салмағы, бас шеңбері, иық шеңбері, үшбасты бұлшықет және бұғана асты аймағындағы тері қатпарлары өлшенеді. Балаларды киімсіз және жаялықсыз таразыда өлшейді. 2 жасқа дейінгі балалар үшін көлденең ростамер көмегімен дене ұзындығы (жатқан күйде) өлшенеді [1,2].

Антропометриялық көрсеткіштерді «ДДҰ белгілеген балалар бой ұзындығының нормасы» өлшемдері бойынша бағалайды. Оларға негізгі индекстер: жасына сай ДС, бойы (ұзындығы), бой үшін ДС (дене ұзындығы), жасына сай дене салмағының индексі (ДСИ) сондай-ақ бас және иық шеңбері, жас және жыныс бойынша трицепс және жауырын асты тері қатпарының қалыңдығы [3,4] жатады. Тамақтану жағдайын бағалау үшін антропометриялық көрсеткіштер, тері қатпарының қалыңдығы (трицепс үстінде жауырын асты) және иықтың ортаңғы үштен бір бөлігінің шеңбері маңызды болып табылады. Клиникалық тәжірибедегі ең жиі трицепс үстінен тері қатпарын арнайы құрал – калиперамен тері қатпарын өлшейді.

Иық шеңберін акромион мен шынтақ өсіндісінің арасындағы ара қашықтықты жұмсақ лента көмегімен өлшейді. Бұл индикатор балаларда тамақтану жеткіліксіздігі кезінде айтарлықтай төмендейді, артық дене салмағы бар балаларда жоғары болады. Нақты тамақтануды зерттеу адекватты тамақтану және тамақтанудың жеткіліксіздігі мен артық салмақтың болуы тәрізді нутритивті статус (НС) бұзылыстарын бағалауда маңызды рөл атқарады. Клиникалық тәжірибеде тамақтануды 24-сағат бақылау әдісі жиі қолданылады [3].

Ата - ана бұл әдіс бойынша баласының, тамақтану реттілігін, ана сүтінің және сүт қоспаларының көлемін, қосымша тамақ құрамы мен оның көлемін көрсететін нақты тамақтануын күнделігін жүргізеді. Қолданылатын тағам мөлшерін бағалауды дәрігер-диетолог жүргізеді.

Зертханалық әдістер тамақтану жеткіліксіздігі диагнозын растауға және оның ауырлығын анықтауға, сондай-ақ ақуыздың висцеральды қорын, организмнің витаминдер мен минералды заттармен қамтамасыз етілуін, тамақтану жағдайына метаболикалық бағалау жүргізуге мүмкіндік береді. Тамақтану статусын бағалауға және ерте жаста темір жетіспеушілігінен дамиды анемияны анықтауға кеңінен таралған, әрі қолжетімді әдіс – автоматты гемоанализаторда орындалған жалпы қан анализі жатады.

Гемоглобиннің концентрациясының 110г/л төмен, эритроциттердің орташа көлемі 70 fL (микроцитоз) төмен, эритроцит ішіндегі гемоглобин 27 пг (гипохромия) төмен және эритроциттер ішінде гемоглобиннің орташа концентрациясы 260 г/л төмен болуы теміртапшылықты анемияның (ТТА) дамығандығын көрсетеді. Организмнің темірмен қамтылғандығын және ТТА нақтылау үшін сарысуағы ферритин (СФ) концентрациясын анықтау қажет. Оның төменгі мөлшері жаңа туылған балаларда 30 нг/мл құрайды [1]. НС бағалауда вегетариан аналардан туылған табиғи жолмен тамақтанатын бір жасқа дейінгі балаларға көп көңіл бөлу керек. Оларда В12 дәруменінің тапшылығы байқалады. Ол негізінен анасының веганды диетаға байланысты, кей жағдайларда дұрыс тамақтанбау, әлеуметтік-экономикалық статусының төмен болуымен де байланысты. В12 дәруменінің жеткіліксіздігі қан түзу, моторлы және психикалық, сөйлеу қабілетінің дамуына әсерін тигізеді. Бұл дәруменнің жеткіліксіздігін неврологиялық бұзылыстары, дамуында тежелуі, гипотониясы бар әрбір нәрестеде анықтау қажет [3,4]. Балаларда ақуыз жетіспеушілігі кезінде олардың концентрациясы төмендейді. Ақуыз алмасуын және тамақтану статусын бағалайтын көрсеткішке зәр қышқылы экскрециясының көрсеткіші де жатады. Тамақтану жағдайын бағалауда тіннің құрамына талдау жасау нутритивті қолдаудың тиімділігін бақылауда маңызды құрал болып табылады. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттерде РЕА РОD (Cosmed, Италия) аппаратымен ауалы плетизмография әдісі қолданылады. Бұл әдіспен дене салмағы 1000 гр-нан 8000 гр-ға дейінгі балаларда майсыз массаны, майлы массаны және тіндегі майдың салыстырмалы мөлшерін анықтайды [2,3].

**Қорытынды.** Дені сау және науқас балаларда нутритивті статусты заманауи әдістермен кешенді бағалау тамақтану бұзылыстарының даму мүмкіндігінің алдын алуды ғана емес, сондай-ақ диеталардың тиімділігін бақылауға да мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Детское питание. Руководство для врачей, 4-е изд. / Под ред В. А. Тутельяна, И. Я. Коня. М.: МИА, 2019. 784 с
2. United Nations Children’s Fund. (2019). The State of the World’s Children 2019. Children, food and nutrition: Growing well in a changing world. <https://www.unicef.org/sites/default/files/2019-12/SOWC-2019.pdf>
3. United Nations Children’s Fund, World Health Organization, & International Bank for Reconstruction and Development/The World Bank. (2020). Levels and trends in child malnutrition: Key findings of the 2020 edition of the Joint Child Malnutrition Estimates. <https://apps.who.int/iris/rest/bitstreams/1273507/retrieve>
4. Popkin, B. M., Corvalan, C., & Grummer-Strawn, L. M. (2020). Dynamics of the double burden of malnutrition and the changing nutrition reality. Lancet (London, England), 395(10217), 65–74. [https://doi.org/10.1016/S0140-6736\(19\)32497-3](https://doi.org/10.1016/S0140-6736(19)32497-3)

УДК 616.24-008.4

**Мұртаза Д.С., Жұмаев Б.Б., Төлебай Б.С., Әбдіхан А.Қ.**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ Шымкент қ., Қазақстан

## **БАЛАЛАРДА ЖЕДЕЛ РЕСПИРАТОРЛЫ ИНФЕКЦИЯНЫҢ ЕМІНДЕ ЭРГОФЕРОН ПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

### **Аннотация**

*Бұл мақалада балаларда эргоферон препаратының сұйық формасын жедел респираторлы инфекция кезінде қолданудың тиімділігі сипатталған.*

**Кілт сөздер:** *ерте жастағы балалар, жедел респираторлы инфекция, аурушаңдық, эргоферон.*

**Муртаза Д.С., Жумаев Б.Б., Төлебай Б.С., Абдихан А.Қ.**

АО «Южно Казахстанская медицинская академия», г. Шымкент, Казахстан

## **ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ПРЕПАРАТА ЭРГОФЕРОНА ПРИ ЛЕЧЕНИИ ОСТРЫХ РЕСПИРАТОРНЫХ ИНФЕКЦИЙ У ДЕТЕЙ**

### **Аннотация**

*В данной статье описаны эффективность применения эргоферона в жидком виде у детей при лечении острых респираторных инфекций.*

**Ключевые слова:** *дети раннего возраста, острая респираторная инфекция, заболеваемость, эргоферон.*

**Murtaza D.S., Zhumaev B.B., Tolebay B.S., Abdikhan A.K.**

JSC «South Kazakhstan Medical Academy», Shymkent, Kazakhstan

## **EFFECTIVENESS OF USE OF ERGOFERON IN THE TREATMENT OF ACUTE RESPIRATORY INFECTIONS IN CHILDREN**

### ***Annotation***

*This article describes the effectiveness of using ergoferon in liquid form in children in the treatment of acute respiratory infections.*

**Keywords.** *young children, acute respiratory infection, morbidity, ergoferon.*

**Кіріспе.** Эргоферон - ЖРВИ және тұмауды емдеуге арналған препарат. Вирусқа қарсы, иммуномодуляциялық препараттарды біріктіретін дәрілік зат. Қабынуға қарсы және антигистаминдік қасиеті де бар. Препарат белсенді болып табылады, яғни оның ерекше белсенділігі бастапқы антиденелерді технологиялық өңдеу барысында шығарылады [3].

Эргоферонның интерферон жүйесіне әсері CD4 жасуша жүйесі арқылы вирусты тану процестерін белсендірумен және гистаминге тәуелді реакцияларға әсер етумен үйлесімде вирустың жойылу процесін жеделдетеді, адекватты иммунитеттің қалыптасуына ықпал етеді және ЖРВИ-дің ұзақтығы мен ауырлығын төмендетеді [1,2]

"Эрмитаж" халықаралық бақылау бағдарламасы деректері ЖРВИ және тұмауды емдеуде Эргоферонды қолданудың тиімділігін 8 мың науқаста көрсетті. Барлық жастағы ЖРВИ және тұмаумен ауыратын, сонымен қатар аллергиялық аурулары бар науқастарда эргоферонды аурудың емінде ерте немесе кеш қолданса да оның терапевтикалық әсері жоғары екендігі дәлелденді. Пациенттердің жартысында Эргоферонды қолдану симптоматикалық терапияны қолдануды толығымен жоюға мүмкіндік берді [1].

**Зерттеу мақсаты.** Жоғарғы тыныс жолдарының жедел респираторлық инфекциялары (ЖРВИ) бар балалардағы Эргоферонның жаңа сұйық дәрілік формасының емдік тиімділігін зерттеу мақсатында препаратты пероральді ерітінді түрінде қолдану арқылы зерттеу жүргізілді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеуге 3 жастан 18 жасқа дейінгі ЖРВИ белгілері (бас ауырсыну, қалтырау, тершеңдік, әлсіздік, бұлшықет ауруы, ұйқышылдық), мұрыннан ағу, мұрынның бітелуі, түшкіру, тамақ ауруы, дауыстың қарлығы, жөтел, кеудедегі ауырсыну) бар науқастар алынды. Негізгі топтағы пациенттер препаратты схема бойынша алғашқы тәулікте 8 рет (алғашқы 2 сағатта әрбір 30 минут сайын 1 өлшем қасықпен, қалған уақытта 3 рет бірдей аралықта) қабылдады. Екінші тәуліктен 5 күнге дейін 1 өлшем қасықпен 3 реттен қабылдады. Ал бақылау тобындағылар эргоферонды қабылдау схемасымен плацебо қабылдады. Емдеу ұзақтығы 5 күн болды. Екі топтың науқастарына көрсеткіштері бойынша антипиретикалық препараттарды, жөтелді емдеуге арналған препараттарды, вазоконстрикторлы мұрын тамшыларын қабылдауға рұқсат етілді.

Бақылаудың 1-ші, 3-ші және 6-шы күндері терапияның тиімділігін және қауіпсіздігін бағалау үшін пациенттердің күнделігінен алынған мәліметтер (температура мәндері, ЖРИ симптомдары), сондай-ақ зертханалық зерттеулер қорытындылары бағаланды. Емнің тиімділігі ретінде 2-ші, 3-ші, 4-ші күндері ЖРИ симптомдары басылған пациенттер есепке алынды. Аурудың 2-ші, 3-ші, 4-ші және 5-ші күндері қызбаның динамикасын, дене температурасы қалыпты пациенттердің үлесін, ЖРВИ негізгі белгілерінің ұзақтығын; ЖРВИ ағымының ауырлығын; антипиретикалық препараттарды қабылдау санын; аурудың ағымы нашарлаған пациенттердің үлесі бағаланды.

Зерттеуге әртүрлі жастағы 72 пациент қатысты. Олардың 22% 3 жастан асқан және одан кіші балалар, 40% - 6–12 жастан асқан балалар, 38%– 12 жастан 18 жасқа дейінгі балалар болды. Балалар екі топқа бөлінді 37 бала эргоферон қабылдайтын, 35 бала плацебо қабылдайтын болып. Саны бойынша қатар жүретін аурулары бар науқастар санының (27 эргоферон тобының пациенттері және топтың 28-і плацебо) екі топтада айырмашылығы болмады. Олардың көпшілігінде 1-2 қосалқы диагноз болса, кейбір пациенттерде – 3 және одан да көп қосалқы диагноз анықталды. 7,2% пациентте тыныс алу органдарының аурулары (тонзиллит, аденоидит, аденоидты аурулар) және аллергиялық аурулар (аллергиялық ринит, поллиноз, бронх демікпесі) тіркелген. Ас қорыту органдарының аурулары (6,6%), көру бұзылыстары (3,3%), тірек-қимыл жүйесінің патологиясы (2,6%), қан айналымы жүйесінің туа біткен ауытқулары (2,6%), зәр шығару жүйесінің патологиясы (1,3%) жағдайда анықталды.

**Нәтижелер мен талқылау.** Аурудың 2-ші, 3-ші және 4-ші күндері ЖРИ симптомдары басылған пациенттер саны эргоферон қабылдаған және плацебо тобындағыларда сәйкесінше 44 және 34% құрады. Эргоферон қабылдаған топтағы пациенттерде дене температурасының өзгеруі 2-ші күні таңертең  $-0,9 \pm 0,5$  С құраса, плацебо тобында  $-0,7 \pm 0,5$  С, 3-ші күні таңертең – -

1,5±0,5 С және -1,3±0,49 С сәйкесінше болды, солай әр күнгі температура сәйкесінше өзгеріп отырды. Қызбаның жақсы динамикасы антипиретикалық препараттарды екі топта бірдей қабылдағанына қарамастан Эргоферон қабылдаған топта айқын байқалды. Жалпы ЖРИ-дің барлық симптомдары Эргоферон қабылдаған топта плацебоға қарағанда қысқа мерзімде жойылды. Эргоферонмен емделген пациенттерде аурудың ұзақтығы 86-90 сағатты құрады. Зерттеу барысында ешқандай пациентте жағдайдың нашарлауы, ауруханаға жатқызу жағдайлары байқалмады. Барлық пациенттерде ЖРИ толық айығумен аяқталды.

Талқылау. Бұл зерттеу Эргоферонның сұйық формасының балалардағы, әсіресе ерте жастағы балалардағы ЖРИ кезінде тиімділігін дәлелдеді. Эргоферонның тиімділігі қызба мен ЖРИ-дің жалпы симптомдарының тез қайтуымен сипатталды. Эргоферон қабылдаған топ науқастарында дене температурасы тез қалыпқа келіп, бас және бұлшық ет ауруы да тез қайтқандығы байқалды. Сонымен Эргоферон басым жағдайда дене температурасының қысқа мерзім ішінде қалпына келіп, ЖРИ-дің ағымын жеңілдетіп, аурудан плацебо тобына қарағанда көп жағдайда тез айығуына (3 тәулікте) әкелетіні дәлелденді. Эргоферонмен ем жүргізілгенде аурудың асқынулары болмағандығы байқалды. Эргоферонның қосымша кері әсері де пациенттерде анықталмады. Эргоферонның сұйық түрі ерте жастағы балаларда қолдануға өте ыңғайлы, әрі тиімді екені дәлелденді.

**Қорытынды.** Эргоферонның сұйық дәрілік түрі, балаларға арнайы әзірленген, ЖРИ тиімді және қауіпсіз емдеуді қамтамасыз етеді, балалардың қалпына келуін тездетуге көмектеседі, дене температурасын қалыпты мәндерге дейін тез төмендетеді, балалардағы тыныс алу жолындағы жедел инфекциялық-қабыну процесінің жеңіл ағымын қамтамасыз етеді. Басқа дәрілік препараттармен үйлесімді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Геппе Н.А., Козлова Л.В., Горелов А.В., Кондюрина Е.Г., Малахов А.Б., Елкина Т.Н., Грибанова О.А. Острые инфекции дыхательных путей у детей. Диагностика, лечение, профилактика: клиническое руководство. М.: МедКом-Про, 2019.

2. Клинические рекомендации по оказанию медицинской помощи детям с острой респираторной вирусной инфекцией – разработаны и рекомендованы Союзом педиатров России. Главный редактор академик РАМН и РАН А.А. Баранов. 2019. <http://cr.rosminzdrav.ru>

3. Эпштейн О.И. Релиз-активность (современный взгляд на гомеопатию и негомеопатию). М.: Издательство РАМН, 2019.

УДК 613:178.8

**Мұсылман А.Б., Шайзадаева А.А.**

«Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан

**«МЕТАДОНДЫҚ ТЕРАПИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУДІ ЖАҚСARTУ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚР МЕН ТМД ӨНІРЛЕРІНДЕ АИТВ-НЫҢ АЛДЫН АЛУ КЕЗІНДЕГІ  
ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ**

**Аннотация**

*Бұл мақалада «Метадондық терапияның» бағдарламасын әзірлеудің жақсартудың нәтижелері көрсетілген*

*Кілт сөздер: опиод, метадон, АИТВ инфекциясы, есірткіге тәуелділік, алмастырушы терапия*

**Мусылман А.Б., Шайзадаева А.А.**

АО «Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова», Кокшетау, Казахстан

**УЛУЧШЕНИЕ РАЗРАБОТКИ ПРОГРАММЫ «МЕТАДОНОВАЯ ТЕРАПИЯ» И  
ИЗУЧЕНИЕ ЕЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРИ ПРОФИЛАКТИКЕ ВИЧ В РЕГИОНАХ РК И  
СНГ**

**Аннотация**

*В данной статье представлены результаты разработки программы "метадоновая терапия".*

*Ключевые слова: опиоиды, метадон, ВИЧ-инфекция, наркотическая зависимость, заместительная терапия*

**Musylman A.B., Shayzadayeva A.A.**

JSC "Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov", Kokshetau, Kazakhstan

**IMPROVING THE DEVELOPMENT OF THE «METHADONE THERAPY»  
PROGRAM AND STUDYING ITS EFFECTIVENESS IN HIV PREVENTION IN THE  
REGIONS OF KAZAKHSTAN AND THE CIS**

**Annotation**

*This article presents the results of the development of the methadone therapy program*

**Keywords:** *opioids, methadone, HIV infection, drug addiction, substitution therapy*

